



Суреттер
бойынша
сабак
тақырыбын
болжаңыздар



Сабақ тақырыбы:

**Тың және тыңайған жерлерді
игеру саясаты Қазақстанға қалай
әсер етті?**

Оқу мақсаттары:

- Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру;
- демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау

Зерттеу сұрақтары:

- Не себепті КСРО-да ауылшаруашылықтың дамуы артта қалды?
- Тың игеру барысында неліктен Қазақстанның территориясы басым таңдалды?
- Тыңның алғашқы табыстары қандай болды?

Қажетті терминдер мен сөз тіркестері

- **Тың** – егін шаруашылығында қолданылмаған жерлер
- **Тың игеру** – бұрын егін шаруашылығына қолданылмаған жерлерді егістік алқаптары үшін жырту.



Тың игеру қалай басталды?

Районы освоения целины в Казахстане



Тың игеру қашан басталды?

- **1953 жылы** қыркүйекте КОКП ОК пленумында ауыл шаруашылығында қалыптасқан жағдайды талқыланды. Пленумда мемлекет басшысы **Н.С.Хрущев** баяндама жасады.
- Мал шаруашылығының артта қалу себептері: материалдық-техникалық негізінің әлсіздігіне, жайылымдардың тың игеру кезінде егістікке айналуына тікелей байланысты болды.
- 1954 жылы ауыл шаруашылығындағы жағдайды жақсарту үшін жемдік дақылдар егісінің көлемін ұлғайту жүзеге асырыла бастады.

Неліктен тың игеру жылдары Қазақстанға басқа республикалардан халық көп қоныстанды?



Сырттан келушілерге жасалған материалдық ынталандыру шаралары:

- Дүние –мүлкі тегін көшірілді.
- Әр отбасы басшысына 500-1000 сом, отбасы мүшелеріне 150-200 сом бір реттік көмек көрсетілді.
- 10 жыл мерзімге үй салу үшін 10 мың сом несие берілді.
- Азық-түлік көмегі ретінде 1,5 центнер ұн берілді.
- 2-5 жылға дейін ауыл шаруашылық салығынан босатылды.
- 1954 жылы наурызда Қазақстанға 250 мың әскер қатарындағы солдаттар келді.

Тың игеру саясатына республика басшыларының көзқарасы қандай болды?




Тың игеруге қарсылық танытқан **Жұмабай Шаяхметовтің** (1946-1954) орнына 1954 жылы **П.К. Понамаренко** Қаз КСР ОК 1-хатшысы болып ауыстырылды.

Тың игеру ісі Қазақстанға қаншалықты пайдалы болды?



1. Қала саны өсті.
2. Халықтың өсуі артты.
3. Халықтар ынтымағы артты.
4. Астық өндіру жолға қойылды.
5. Совхоздар көбейді.
6. Қазақстан КСРО-ның астықты аймағына айналды.
7. Қазақстан көп ұлтты республика болды.
8. Жаңа елді мекендер көбейді.
9. Еңбекшілер еңбек ерлігінің үлгісін көрсетті.

- **1-тапсырма.** Кескін картаға тың игерілген облыстардың аумағын белгілеңіз. Неге осы облыстардың жері таңдап алынғанын түсіндіріңіз. (*қосымша 1*)
- Павлодар, Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Торғай облыстарындағы жыртылған жер көлемі 600 мың шаршы шақырымнан асып түсіп, бұл Франция (551 мың км кв.) тәрізді мемлекеттің аумағынан едәуір үлкен алқапты құрады.




1950 жж. Қазақстан картасы

Дескрипторлары:

Тың игеруге осы облыстардың таңдалуына қатысты кем дегенде 2 себепті анықтай алады;
картаға тың игерілген 4 тен кем емес облыстардың аумағын белгілейді.

- **2-тапсырма. Пікір алмасу.** Тың игеру туралы деректі фильмнен үзіндіні көріп, жағымды және жағымсыз себеп-салдарларына дәйек пен дәлел келтіріңіз
- <https://www.youtube.com/watch?v=u2Xved0Emlg>



Дескрипторлары:

Тың игеру үрдісінің кем дегенде 2 жағымды және 2 жағымсыз себептерін атайды;

Тың игеру үрдісінің кем дегенде 2 жағымды және 2 жағымсыз салдарларын атайды.



Тапсырма бойынша сұрағыңыз бар ма?

Иә

Жоқ